




2025 Мамыр

**2025 жылдың мамыр айында іскерлік белсенділік айтарлықтай өсті, барлық секторда оң динамика бар.**

График 1. Іскерлік белсенділік индексінің (ІБИ) динамикасы\*



\* Көрсеткіш 50-ден жоғары болса – оң өзгерісті, төмен болса – кері өзгерісті білдіреді. Индекс мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), ал 50-ге тең болса – өзгеріс жоқ дегенді білдіреді.


**Іскерлік белсенділік индексі 2025 жылдың мамыр айында 51,4 құрады (сәуірде – 50,5).**

Өндірісте, саудада және қызмет көрсету саласында белсенділік жақсара түсті, индикатор сәйкесінше **53,7**, **52,3** және **51,0**-ге дейін өсті (сәуір айында 53,0, 51,2 және 50,1-ден). Құрылыс пен тау-кен өнеркәсібінде де өсім бар, алайда, индикаторлар теріс аймақта қалып отыр – **49,8** және **49,1** (сәуірде – 48,8 және 48,2). Өндіріс пен тау-кен өнеркәсібінде – өндіріс көлемінің, саудада – тауарлы-материалдық қорлардың көлемі артқаны байқалды.

**График 2. Мамыр айындағы өңірлер бойынша ІБИ**

**11** өңірде іскерлік белсенділік жақсарып, **9** өңірде нашарлады.


Индекстің ең жоғарғы мәні Шымкент қаласында (60,0), ең төменгі мәні Ақтөбе облысында (42,4) тіркелді.



# Бизнес-ахуал индексі

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, мамыр айында бизнес жүргізудегі ағымдағы шарттар қолайлы бола бастады. Келешек жағдайларға қатысты оптимизм де жақсарды, нәтижесінде бизнес-ахуал индексі 14,5-ке дейін өсті.

График 3. Бизнес-ахуал индексінің (БАИ) динамикасы\*




\* Қазіргі және болашақ бизнес-ахуалды бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады. Ол – бизнес-ахуалдың өзгерісіне қатысты сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекс мәні 0-ден жоғары болса – ахуалдың жақсарғанын, төмен болса – нашарлағанын білдіреді.

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, олардың өніміне/қызметіне сұраныс артқанымен, өсу қарқыны сәуірмен салыстырғанда баяулаған.

Ең жоғары сұраныс өндірісте байқалды.

Бизнес шартына қатысты факторларды бағалау көрсеткіші айтарлықтай өзгерген жоқ. Респонденттер инфрақұрылымның өзгеруіне біршама оң баға беріп отыр. Қалған факторларға (бизнесті қорғау мәселелері, салық жүктемесі және қаржыға/несиеге қолжетімділік), әсіресе, салық жүктемесі мен бизнесті қорғау мәселесіне теріс баға берді.

График 4. Секторлардағы сұраныстың өзгеру динамикасы (ЖТ)\*



\* Сұранысты бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады. Ол – сұраныстың өзгерісіне қатысты сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекс мәні 0-ден жоғары болса – ахуалдың жақсарғанын, төмен болса – нашарлағанын білдіреді.


График 5. Бизнес-цикл «сағаты»

2025 жылдың мамыр айында бизнес-цикл «сағатының» көрсеткіші өсу аймағында қалды.

Қазіргі бизнес-ахуалды бағалау көрсеткіші 6,1-ді көрсетіп, өсе түсті.

Алдағы 6 ай бойынша келешек бизнес-ахуал бағасы 23,3 болды.

*\*Бизнес-цикл «сағаты» берілген уақытта экономиканың циклдің қай фазасында болғанын көрсетеді. Оны құру үшін қазіргі ахуалды (X осі бойынша) және келешек ахуалды (Y осі бойынша) бағалау бойынша деректер қолданылады.*



## ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕ

<sup>1</sup> Ақпарат нақты сектор мониторингіне қатысушы кәсіпорындар арасында ай сайын жүргізілетін сауалнама нәтижесіне сай дайындалды.

<sup>2</sup> Іскерлік белсенділік индексі жаңа тапсырыстар көлемі, жұмыспен қамту деңгейі, жаңа өнім көлемі, тауарлы-материалдық қорлардың көлемі, жеткізу мерзімі сияқты кәсіпорындар көрсеткішінің жиынтық өзгерісі ретінде есептеледі.

<sup>3</sup> Іскерлік белсенділік индексін есептеу үшін диффузиялық индекс (ДИ) пайдаланылады. Ол әрбір көрсеткіш бойынша оң жауап берген кәсіпорындар үлесінің және өзгеріссіз жауаптардың жартысының үлес қосындысы (үлестер салмақтанып есептеледі) ретінде есептеледі. Бұл индекс көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор болып табылады.

<sup>4</sup> Бизнес-ахуал индексін (БАИ) есептеуде Ifo неміс зерттеу институтының әдістемесіне сәйкес осы айдағы бизнес-жағдайлардың көрсеткіштері (АЖ) және болашақ 6 айдағы бизнес-жағдайлардың күтілетін өзгерістері (БЖ) бойынша жауаптар теңгерімі (ЖТ) пайдаланылады:

$$\text{БАИ}^* = \sqrt{(\text{ЖТ}(\text{АЖ}) + 200) * (\text{ЖТ}(\text{БЖ}) + 200)} - 200$$

мұндағы, ЖТ – жауаптар теңгерімі

АЖ – ағымдағы экономикалық жағдай

БЖ – болашақтағы экономикалық жағдай

<sup>5</sup> ЖТ (жауаптар теңгерімі) бизнес-шарттардың өзгеруі туралы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптардың үлесі арасындағы айырма ретінде есептеледі. Кәсіпорындар ұсынылған үш жауаптың біреуін таңдайды: «жақсарды», «өзгерген жоқ» және «нашарлады». Жауаптардың үлесі салмақтана отырып есептеледі.

<sup>6</sup> Ifo зерттеу институты жасаған бизнес-цикл «сағаты» – бұл екі нөлдік сызықтың қиылысуымен төрт квадрантқа бөлінген диаграмма (координаттар жүйесі). Олар іскерлік жағдай тұрғысынан экономикалық циклдің төрт кезеңін білдіреді: көтерілу, өсу, төмендеу, құлдырау. Егер ағымдағы жағдайларды бағалау теріс болса, ал күтулер оң болса – экономикасы көтерілу фазасында, егер ағымдағы жағдайларды бағалау және күтулер оң болса – онда экономика өсу фазасында т. с. с.

<sup>7</sup> Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордың әсерінен тазартылған (болашақ жағдайларды бағалау мен факторларды бағалаудан басқасы).

<sup>8</sup> Алдыңғы айлардың динамикасында маусымдық тазалауға және жалпы қосылған құнды (ЖҚҚ) нақтылауға байланысты өзгерістер болуы мүмкін.

<sup>9</sup> Секторлар бойынша егжей-тегжейлі ақпарат (сұрыптау туралы ақпарат, индикаторлар динамикасы, жауаптардың таралу нәтижелері) дашбордта берілген.